

**№ 3 әдістемелік кеңес отырысының хаттамасынан
көшірме**

*(Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Жангелдин ауданы білім
бөлімінің Тәуіш бастауыш мектебі КММ)*

2025 ж. "23" қаңтар

Төрайымы – Жусупбекова Алмагул Шоптибаевна

Хатшы – Муханбетжанова Эльмира Сағындыковна

Қатысқандар: 7

Күн тәртібі:

1. (педагогтің аты-жөні)"Ұлт қазынасы" ұлттық нақыштағы ойындар жинағыәдістемелік құралы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі мекеме тәрбиеші педагогтерінеұлттық ойындарды үйретуге арналған әдістемелік құралын талқылау туралы

Тыңдалды:

(педагогтің аты-жөні)"Ұлт қазынасы" ұлттық нақыштағы ойындар жинағыәдістемелік құралы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі мекеме педагогтеріне арналған әдістемелік құралының мазмұны мен маңыздылығы бойынша электронды құрылғы арқылы және ұлттық ойындар туралы дидактикалық көрнекі материалдар көрсетіп тәжірибесімен бөлісті, педагогтерге презентация жасады.

Тыңдалды: (педагогтің аты-жөні)әдістемелік жинағы бойынша меңгеруші Утегулова А.У. сөз сөйледі. Ол педагогтердің еңбектерінің маңызды екенін, құрылымының сауаттылығын атап айтты.

Тыңдалды:(педагогтің аты-жөні)әдістемелік құралы бойынша бөбекжай әдіскері Э.Б. Донбаева сөз сөйледі. Әдістемелік құрал мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сай құрылған, "Ұлт қазынасы" ұлттық нақыштағы ойындар жинағыәдістемелік құралы балаларға ұлттық құндылықтарды меңгертуге арналған кешенді әрі тиімді әдістерді қамтитын құрал екенін баса айтты.

Тыңдалды: (педагогтің аты-жөні)әдістемелік құралы бойынша тәрбиеші (педагогтің аты-жөні)сөз сөйледі, ол педагогтің әдістемелік құралының мектепке дейінгі жастағы балаларғаұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру және ұлттық ойындар арқылы балаларды дамытуда ерекше тәсілдермен бөліскен өте жақсы көмекші құрал. Мен өз іс –тәжірибемде қолданар едім», - деді.

Бірінші сұрақтың шешімі:(«Білім беру ұйымының толық атауы»)(педагогтің аты-жөні) тәжірибесі мектепке дейінгі мекемелерге арналған әдістемелік құрал ретінде ұсынылсын.

Мектеп меңгерушісі



Қойшина Т.Ж

Пікір 1

"Ұлт қазынасы" атты әдістемелік құрал – қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғыртуға, балалардың ойлау қабілетін дамытуға және олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған құнды еңбек.

Бұл әдістемелік құралда ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні жан-жақты қарастырылып, олардың балалардың ойлау қабілетін дамытуға қалай ықпал ететіні нақты мысалдар мен көрсетілген. Сонымен қатар, ойындарды ұйымдастыру және өткізу әдістері түсінікті әрі жүйелі түрде берілген. Ойын түрлері балалардың жас ерекшеліктеріне сай тандалып, олардың логикалық, шығармашылық және зияткерлік дамуына оң әсерін тигізетіні анықталған.

Құрал мектепке дейінгі ұйым педагогтері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне, ата-аналарға және балалар мен жұмыс жасайтын мамандарға таптырмас көмекші бола алады. Қазақтың ұлттық ойындарын балабақшамен мектеп тәжірибесіне енгізу арқылы біз жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға жақындатып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына да үлес қоса аламыз. Бұл еңбектің ұлттық мәдениетті дәріптеуде, балалардың танымдық қабілеттерін арттыруда маңызы зор. Сондықтан да оны білім беру жүйесінде кеңінен қолдану маңызды деп есептеймін.

Пікірді жазған:



Жусупбекова Алмагул Шоптибаевна

Пікір 2

"Ұлт қазынасы" атты әдістемелік құрал – ұлттық ойындардың маңыздылығын жан-жақты ашып көрсететін, білім беру үдерісіне енгізуге арналған құнды еңбек. Бұл құралдың басты ерекшелігі – ұлттық ойындардың тәрбиелік, дамытушылық және танымдық мүмкіндіктерін ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан қарастыруы.

Кітапта қазақтың дәстүрлі ойындары тек мәдени мұра ретінде емес, сонымен қатар балалардың ойлау қабілетін, зейінін, есте сақтау және логикалық ойлау дағдыларын дамытатын әдістемелік құрал ретінде сипатталған. Әсіресе, ойындарды ұйымдастыру әдістерінің нақты ұсыныстармен берілуі, олардың балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жүйеленуі – бұл еңбектің құндылығын арттыра түседі.

Бұл әдістемелік құралды мектепке дейінгі ұйымдарда, бастауыш сыныптарда, қосымша білім беру орталықтарында және ата-аналармен жұмыс кезінде қолдануға болады. Ол ұлттық ойындардың маңызын арттырып қана қоймай, қазіргі заманғы білім беру жүйесіне дәстүрлі тәрбиенің үздік үлгілерін енгізуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, әдістемелік құрал қазақтың ұлттық ойындарын жаңғыртуға, оларды балалардың жан-жақты дамуына бейімдеуге бағытталған тамаша еңбек. Мұндай жұмыстардың көбейіп, білім беру саласында кеңінен қолданылуы – ұлттық құндылықтарды сақтаудың және болашақ ұрпаққа жеткізудің тиімді жолы деп есептеймін.

Пікірді жазған:



Айдар Гүлдана Айдарқызы